

Аудандағы жалпы білім беретін мекемелердегі оқушылардың тамақтануын сапалы ұйымдастыруды бақылау жөніндегі аудандық ведомствоаралық сараптамалық тобы отырысының ХАТТАМАСЫ

Өткен орны: Білім бөлімі

30.10.2023 жыл

Қатысқандар: Г.Мырзағалиева-ведомствоаралық сараптамалық топтың төрағасы;

С.Нургалиева-ведомствоаралық сараптамалық топтың хатшысы;

Ведомствоаралық сараптамалық топтың мүшелері;

Баяндамашы: В.И.Пацаев атындағы №2 Алға орта мектебінің директоры

Е.Куспанов

Барлығы: 10 адам.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Жоспарға сәйкес жүргізілген мониторинг нәтижесін қорытындылау және ұсыныс енгізу.
2. В.И.Пацаев атындағы №2 Алға орта мектебінің ыстық тамақтандыруды ұйымдастыру жұмыстары.

ТЫҢДАЛДЫ:

Ведомствоаралық сараптамалық топтың төрағасы Г.Мырзағалиева төмендегідей хабарлама жасады. «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 19-тармағына сәйкес жергілікті өкілетті органдар Қазақстан Республикасы заңдылықтарымен қарастырылғандай жекелеген санаттағы оқитындар үшін жеңілдетілген және тегін тамақты ұйымдастырады.

«Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығын жүзеге асыру барысындағы жалпы білім беретін мекемелердегі оқушылардың тамақтануын сапалы ұйымдастыруды бақылау жөніндегі аудандық ведомствоаралық сараптамалық тобы құрылып, жұмыс жоспары бекітілді.

2023 жылдың қазан айында Алға қалалық округіне қарасты Алға мектеп-гимназиясы, №1 Алға МБ, В.И.Пацаев ат.№2 Алға ОМ, №3 Алға қазақ ОМ, №4 Алға орта мектептеріне мониторинг жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде кемшіліктер анықталған жоқ. Мониторинг жұмыстары нәтижесінде мектептерде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 12 наурыздағы №64 қаулысына сәйкес аудан бойынша бірыңғай мәзір бекітіліп беріледі. Ас мәзіріндегі тағамдар оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес беріліп отыр. Мониторинг жұмыстары нәтижесінде мектептерде бекітілген ас мәзіріне сәйкес ыстық тамақ

ұйымдастырылған. Мектеп медбикесі салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында құрылған жоспарына сәйкес тамақтан уланудың алдын алу, асқазан-ішек ауруларын болдырмау туралы оқушыларға диктант жазғызып, дөңгелек үстелдер өткізіп түсіндірме жұмыстарын жүргізген. Мектептің бракераж комиссиясы өз қызметінде санитарлық талаптардың сақталуы туралы бақылау жасайды. Сонымен қатар журналға дайын тағамның дәмі, сыртқы түрі, түсі, иісі, құрамы, қаттылығы, шырындылығы міндетті түрде жазылуы тиіс екенін және айына 2 рет бақылау жүргізілетінін айтып өтті. Тексеру қорытындысы бойынша кемшіліктер мен заңбұзушылықтар анықталған жоқ.

Күн тәртібіндегі 2-мәселе бойынша: В.И.Пацаев атындағы №2 Алға орта мектебінің директоры Е.Куспановтың баяндамасы тыңдалды. (Баяндама қосымша жалғанады).

Аудандағы жалпы білім беретін мекемелердегі оқушылардың тамақтануын сапалы ұйымдастыруды бақылау жөніндегі аудандық ведомствоаралық сараптамалық тобы Қаулы етеді.


1. В.И.Пацаев атындағы №2 Алға орта мектебі директорының хабарламасы назарға алынсын.
2. Аудандық ведомствоаралық сараптамалық тобы оқу жылы аяғына дейін жоспар бойынша мониторинг жұмыстарын жүргізсін.
3. Мектептердегі тегін ыстық тамақтануды ұйымдастыру жұмыстары үнемі қадағалансын.
4. Тамақтандыруын ұйымдастыру туралы ақпараттарды интернет ресурстарына орналастыру жұмыстарын жандандырылсын.

**Аудандық ведомствоаралық
сараптамалық тобының төрағасы**



Г.Мырзагалиева

**Аудандық ведомствоаралық
сараптамалық тобының хатшысы**



С.Нургалиева